

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУДЕ
ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТЫҢ МАҢЫЗЫ**

DEVLET DİLİ SORUNUNU ÇÖZMEKTE TOPLUMUN ROLÜ

**THE SOCIETY'S ROLE IN SOLVING THE STATE
LANGUAGE ISSUE**

Nazgül İLYASSOVA* -Gülcan SAPAEVA**

(ильясова назгүл бөлтірікқызы)- (сапаева гүлжан едігеқызы)

Özet

Kazakistan, çok uluslu bir devlettir. Üstelik ülke 70 yıl boyunca Sovyetler Birliği'nin etkisinin altında kalmış ve şehir halkı bu zaman içerisinde Ruslaşmıştır. Bu nedenle devletimizde dil sorunu gündemin önemlilerinden biridir. Egemenliğimizi aldığımız andan itibaren bu sorunu dile getirmeyen, yazmayan kalmamıştır. Hatta gerekli çalışmalar hala yapılmaktadır. Kazakçayı okullarda, üniversitelerde öğretmenin yetersizliğinden ülkemizin bütün eyalet merkezlerinde, ilçelerinde "Dil öğrenim merkezleri" aracılığıyla yaygınlaştırma kararı alınmıştır.

Hükümet bütün Kazakistan Cumhuriyeti halkının devlet dilini çok iyi derecede ve ücretsiz öğrenmesi için gerekli çalışmaları yapmaktadır; hem organizasyon hem de teknoloji açısından yardımını sunmaktadır. Devlet çalışanlarına, orta yaştaki insanlara ve dil öğrenmek isteyen herkese devlet dilini öğrenmenin uluslararası ve Avrupa dil öğrenim standartlarına göre Kazakçayı öğretmenin üç kurlu, beş kurlu sistemini uygulanmaktadır. Onlar devlet dilinin yaygınlaşmasına neden olup iyi adımların atılmakta olduğunu göstermektedir. Eğer herkesin toplu bir şekilde devlet dilinde konuşmasını ana hedefimiz olarak görüyorsak her Kazakistan vatandaşını bir araya getirerek onun devlete sevgisini ve

* "Тіл" Меркези Öğretmeni/KAZAKİSTAN

«Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы

** El-Farabi Kazak Milli Üniversitesi Öğretim Görevlisi. Almatı/ KAZAKİSTAN

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы

ilgisini arttırmamız lazım. Onun için herkesin ilgisini çekecek reklamları sık sık göstererek sosyal ortamda yaratıcı sosyal videolar paylaşmakta fayda vardır.

Anahtar Kelimeler: dil meselesi, yetersizlik, öğretim, sorumluluk, kitab kalitesi

Resume

Kazakhstan is a multinational State. Moreover, the country remained under the influence of the Soviet Union 70 years long, and the people of the city during that time Russified. For this reason, the language issue is on the agenda is one.

If everyone in a collective way, the way we see the State as the main goal is to bring together his love for every citizen of Kazakhstan, the State and the need to broaden the interest. For her catchy ads often are sharing social social environment by demonstrating creative videos.

Key Words: matter of language, disability, teaching, responsibility, quality books

Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдам астам уақыт болды. Салиқалы саясаттың арқасында осы жылдардың ішінде мемлекетімізде көптеген жұмыстар жүргізілді. Осы жұмыстардың бірі және бірегейі – тіл мәселесі болып табылады. Себебі халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі және ұлттық мәдениеті. Ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына жеке мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүние жүзіндегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін және ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының «Тіл туралы» Заңының 4-бабында: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп жазылған. Мейлі орыс, мейлі кәріс, мейлі ол қазақ болсын осы айтылған парызды естен шығармауы қажет.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Онымен қоса жетпіс жыл отаршылдықтың салдарынан қала қазақтарының орыстануына байланысты біздің мемлекетімізде тіл мәселесі өзекті болып табылады. Егемен ел болғалы аталмыш мәселе айтылып та, жазылып та, сонымен қатар қажетті жұмыстар атқарылып та келеді. Атап айтар болсақ: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпанындағы №922 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары», «Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурызындығы №957 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21 қарашадағы

№1122 қаулысымен бекітілген тұжырымдамасы, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары т.б негіз бола алады.

Бұл бағдарламалардың басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру.

Қазақ тілін мектепте, жоғарғы оқу орындарында оқыту жеткіліксіз болғандықтан еліміздің әрбір облыс орталықтарында, қала берді аудандарында тіл үйрету орталықтары жұмыс жасап жатыр. Үкімет Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасап отыр. Мемлекеттік қызметкерлерге, ересектер мен жеке тіл үйренуші тұлғаларға мемлекеттік тілді үйренудің халықаралық және еуропалық тіл үйрету стандарттарына сай қазақ тілін үйретудің үшденгейлік, бесденгейлік жүйелері қазіргі кезде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілді үйрету саласында іргетасы қаланды деп айтуға болады.

Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы мемлекеттік тілді үйретудің үш деңгейлік жүйесін қалыптастырып, мемлекет қызметкерлерді және жеке тіл үйренуші азаматтарды оқытады. Тіл үйренушілерге қажетті барлық жағдай жасалынған. Атап айтар болсақ, кабинеттер заманауи технологияға сай құрал-жабдықтармен, түрлі оқулықтармен жабдықталған. Интерактивті тақта, магнитті тақта, электронды оқулықтар тілді меңгерту барысында тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануда оң нәтижесін беруде. Мемлекеттің жасаған игі істерін тыңдаушылар санының жылдан-жылға өсуінен көруге болады. Тыңдаушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығының өскенін сабақ барысында байқауға болады. Қазақ тілінің үндесе байланысатындығы, лексикалық қорының молдығы және оның көне дәуірден бастау алатындығы кез-келген тыңдаушыны бейжай қалдырмайды. Ең бастысы мемлекеттік тілге деген құрметі, оны үйренуге деген құштарлығы оқытушыларды қуантады.

Дегенмен, қазақ тілінің деңгейі 1991 жылдан едәуір алға жылжыды десек те, біз күткен нәтиже көпшілікті қанағаттандырмай отырғанын жасырмаған жөн. Оған не себеп? Осы сұрақтың жауабын іздеп көрелік. Заң бар, тілге қатысты арнайы саясат бар және қазақ тілін меңгеруге байланысты жасалған жобалар мен бағдарламалар жеткілікті. Сонымен қатар, тегін және ақылы орталықтар жұмыс жасауда. Оқулықтардың саны мен сапасына кінәрат таба алмайсыз. Сабақ оқыту барысында тыңдаушыларды лексика-грамматикалық тақырыптарды ұштастыра отырып, лексикалық қорын молайтуға тырысамыз. Белгілі бір сөздер мен сөйлемдерді меңгергеннен кейін тыңдаушылар өзара

сұхбат жасауға тырысады. Тек аудиторияда ғана емес, қоғамдық орындарында да пайдалану арқылы жаттығулар жасауы үшін тапсырмалар беріледі. Аталған тапсырма бойынша бір тыңдаушы автобуста қазақ тілді жүргізушімен тілдесуге әрекеттенген. Тіл үйренуші: «Кешіріңіз, келесі аялдамадан түсуге болады ма?» - деп сұрапты. Жүргізуші: «Да!» - деп, жауап берген. Дүкенге барып: «Маған бір келі қант беріңіз және нан беріңіз!» - деген ұсынысына да орысша жауап алған. Тағы бір тыңдаушы қазақша сөйлеуге әрекеттенгенде, «Орысша сұрай бер, орысша сөйлей аламыз,-» деген жауап алған. Немесе жіберген қатесіне күліп, түзеуге тырысқан. Қай орыс сіздің жалғаулардан не басқадан жіберген қатенізге күледі немесе түзейді. Керісінше сіздің айтқаныңызды аяғына дейін байыппен тыңдап, сұрағыңызға жауап беруге тырысады. Бір жіберген қатенізді келесі жолы жібермеуге, білмегеніңізді үйренуге тырысасыз. Ал бізде бәрі керісінше жағдайлар орын алады. Олардың айтуынша қазақша үйрену үшін, тек қазақша сөйлейтін орта керек. Қалада қазақтардың өзі орысша сөйлеуге дағдыланған. Тіпті қазақпен қазақтың өзі орысша сөйлеуге тырысады. Бұл құбылыс өзгелердің қазақша үйренуіне кедергі келтіретіндігін айтады. Бұл сөздің де жаны бар. Қазақша сөйлеуге талпынған үйренушіге көмек берудің орнына, өзіміз тосқауыл қоямыз. Сөйте тұра қазақ тілі қашан дамиды деп шағымданамыз.

Егер баршаның жаппай мемлекеттік тілде сөйлеуі басты мақсат болып табылса, әрбір қазақстандықтың патриоттық сезімін, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін және де қызығушылығын арттыру қажет-ақ. Ол үшін күнделікті қызықты жарнамалар мен әлеуметтік роликтер арқылы ынталандыру мақсатқа жетуге себепші бола алады. Өйткені қазіргі таңда газет-журнал оқитын оқырманнан көрі, отандастарымыз интернетте, көгілдір экранның алдында уақытын көп өткізуді жөн көреді. Ол да заманның талабы. Шетелден келген бір азамат: «Мен қазақша үйрендім, «привет», «пока», «как дела?» - деген екен. Мұндай жағдай қайталанбас үшін, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті әркім өзінен бастап, Отан алдындағы жауапкершілігін сезіне білуі тиіс. Білетін орысшамыз шамалы болсада, орыс тілінде сөйлесуге тырысатын қазақтарды керісінше өз тілін өзгеге үйретуге шақыруы қажет. Қазақша үйренуге талпынған үйренушіге үйретуден жалықпайық. Бұндай ұлттық маңызы жоғары дүниені тек қана биліктің мойнына арта салып, билік айналысуы тиіс десек, онда қателескеніміз. Министрліктер мен тіл саласында әрекет ететін мемлекеттік органдардан бөлек, аталмыш өзекті дүниеге қоғамның өзі де алдымен белсенді түрде атсалысуы шарт. Онсыз ештеңе өнбейді. Сондықтан да бүгінгі таңда мемлекеттік тіл мәселесінде халық арасынан, қоғамнан күтілетін жобаларға, тың бастамаларға жол ашу - заманның талабы. Халықтың тілге деген жанашырлығы, ынталылығы, талаптылығы өте маңызды. Мысалыға алып қарасақ, дамыған елдерде тіл мәселесін қолдау, сондай-ақ тілдік орта үшін күрес сауатты әрі қарқынды жүргізілуде. Қазақстанда да сондай рухани дүниелерге, ұлттық рухқа қатысты жобалар жанданатын болса, одан ұтармыз ауыз толтырып

айтарлықтай болар еді. Ең бастысы талап күшті болып, қажеттілікті арттыру керек. Қажеттілік бар жерде нәтиже де көрінеді. «Баланы жастан» демекші, бала-бақшадан бастап балаларды мемлекеттік тілде сөйлеуге дағдыландыруымыз керек. Мәселен, ақын-жазушыларымыздың өлеңдерін, шешендік сөздерді, мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді жаттатқызып және олардың мән-мағынасын түсіне және түсіндіре алуын үйрету; мектеп жасына барғанда қазақ тілін әрі қарай жетілдіріп, өз ойын еркін жеткізе алу жағдайына жеткізу және сауатты жазуға үйрету; жоғарғы оқу орындарында өз ойын ашық айта алатындай баяндама, курстық жұмыстарды жазу қабілетіне жеткізу қажет.

Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» - деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Елбасымыздың осы сөздерін әрбір қазақстандық жадында сақтаса, тілге деген құрметін арттырса, жетер жетістігіміз, елдігіміз мықты болар еді.